

## **Жергілікті атқарушы органдар борышының 2021 жылға арналған лимиттерін белгілеу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы № 73 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 9 қазанда № 21388 болып тіркелді.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 210-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдар борышының 2021 жылға арналған лимиттері белгіленсін.

2. Мемлекет міндеттемелерін басқару және қаржы секторын дамыту саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі*

*Р. Даленов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі**

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2020 жылғы 8 қазандағы  
№ 73 бұйрығына  
қосымша

**Жергілікті атқарушы органдар борышының 2021 жылға арналған лимиттері**

Ескерту. Лимиттер жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.12.2021 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Жергілікті атқарушы орган	Жергілікті атқарушы органдар борышының лимиті, мың тенге
1	2	3
1	Ақмола облысы	88 083 797,4
2	Ақтөбе облысы	87 561 132,9
3	Алматы облысы	135 008 613,0
4	Атырау облысы	64 397 153,2
5	Батыс Қазақстан облысы	83 631 183,1
6	Жамбыл облысы	133 156 115,9
7	Қарағанды облысы	122 683 464,5
8	Қостанай облысы	83 843 212,3
9	Қызылорда облысы	92 678 011,9
10	Маңғыстау облысы	73 444 386,2
11	Павлодар облысы	74 891 837,7
12	Солтүстік Қазақстан облысы	78 314 523,1
13	Түркістан облысы	224 225 378,3
14	Шығыс Қазақстан облысы	132 900 532,1
15	Алматы қаласы	253 349 590,9
16	Нұр-Сұлтан қаласы	163 527 517,5
17	Шымкент қаласы	110 831 823,0